

**Сабақтың тақырыбы:**  
**«Естуі бұзылған балалардың  
сөйлеу тілінің ерекшеліктері»**

13.04.2020

# Жоспар

1. Естуі бұзылған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері;
2. Есту қабілеті нашар балалардың дыбыс айту бұзылыстарының негізгі түрлері ;
3. Есту қабілеті төмен балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейлері;
4. Естуі бұзылған балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері;

Қабылдайтын дыбыс жиілігінің диапазонының шектелгендігінен сөйлеу тілі дыбыстарын естіп ажыратуы бұзылады, сөздік есту анализаторының орталық бөліміндегі аналитикалық-синтетикалық әрекетінің екіншілік дамымауы байқалады. Әсіресе ызың және ысқырық дыбыстарын естіп ажырату қиындатылған. Дәл осы дыбыстар айтылуда да кешігіп ажыратылады.

Есту қабілетінің төмендеуі салдарынан сөйлеу тілін қабылдау қиындатылып, экспрессивті сөйлеу тілі бұзылысына әкеліп соғады.

### Естуі бұзылған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері

*Кеңінен таралғаны дыбыс айту бұзылыстары. Мұның ішінде дыбыстардың фонетикалық топтарының көбін қамтыған полиморфты бұзылыстар жағдайының көптігі.*

Есту қабілеті зақымдалған балаларға сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің бұзылуы тән.

Мұнда экспрессивті сөйлеу тілі бұзылысының деңгейі әр жағдайда есту қабілетінің төмендеу деңгейіне, керемдіктің пайда болу уақытына, баланың даму жағдайларына, түзету көмегінің жағдайына байланысты.

# Есту қабілеті нашар балалардың дыбыс айту бұзылыстарының негізгі түрлері мынадай болады:

Сөйлеу аппаратын сенсорлы бөлімінің жеткіліксіздігі мен күрделенген дыбыс айту бұзылысының сенсорлы түрлері

бұл түрде сөйлеу тілінің бір дыбыстары басқаларына ауыстырылады. Дыбыстарды бұрамалап айту сирек кездеседі. Дыбыстарды алмастыру ауызша сөйлеу тілінде де, жазбаша сөйлеу тілінде де әріптерді алмастыру түрінде байқалады.

Дыбыстардың бұзылыстарының моторлы формалары сөйлеу тілі аппаратының моторлы бөлімінің жетілмеуімен күрделенген


яғни артикуляция мүшелерінің функциясының немесе құрылымының қалыпты жағдайдан айтарлықтай ауытқуына байланысты. Бұзылыстардың белгісі – дыбыстардың бұрмаланып айтылуы (тісаралық, бүйірлік айту

Дыбыс айту бұзылыстарының аралас түрлері және сенсорлы жеткіліксіздікпен күрделенген.

Мұндай жағдайларда бала акустикалық жағынан жақын фонемаларды естіп ажырата алмайды, басқа дыбыстарды айту бұзылыстары, артикуляциялық аппараттың құрылымы және функциясының қалыпты жағдайдан ауытқуымен күрделенген болып келеді. Мысалы, бала сөйлеу тілінде жуан дауыссыз дыбыстарды естіп ажыратуға мүмкіндігі жоқтықтан, оларды сәйкес жіңішкеге ауыстырады, дыбыстарды бүйірлік сигматизмдегідей.

**Есту қабілеті зақымдалған балалардың айналасындағылармен сөйлеу тілі көмегі арқылы қатынасқа түсуге қажеттілігі толық іске аспайды.**

**Есту қабілеті төмен балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі әртүрлі. Ол төрт деңгейге бөлінеді.**





**I**

Балалар «мектеп бағдарламасының талаптарына сай» сөз қорын толық меңгерген. Оларға қаратпа сөйлегенде жақсы түсінеді, өзіндік сөйлеуінде сөйлеу тілінің барлық топтарын белсенді қолданады (зат есім, етістік, сын есім, үстеу, есімдіктер). Сөйлеу тілінің дамуының бірінші деңгейіндегі оқушыларға грамматизмдер, сөздердің дыбыстық-әріптік құрамын бұрмалау



**II**

Мұнда сөз қоры сөз қоры бір талай оптимальды шектеулі, соның жақын. Сөйлеу тілінде салдарынан аграмматизмінің дыбыстық құрамы жағынан сөздер көптігі, орынсыз жұрнақтар, ауыстырылады. жалғаулардың мағынасын Сөйлеу тілін түсінуі түсінбеу төмен. Балалар екі, үш сөздерден байқалады. тұратын Дыбыстарды пайдаланады. бұрмалап Сөйлемдерді айтады. құрауда қателер байқалады.



**III**

Мұнда сөз қоры өте аз, балалар тұрмыстағы қарапайым заттарды атауда қиналады, толық сөйлемді «мәні жоқ» бір сөз немесе сөз тіркестерімен ауыстыра салады. Сөйлеу тілін түсінуі өте шектеулі, шағын мәтінді қабылдағанда «жеке сөздерді түсінгенмен» оқығаның мәнін түсінбеуі байқалады. Нашар еститіндерге сөздердің дыбыс буындық құрамын өте бұрмалау тән, себебі сөздерді естіп қабылдауы ажыратылмаған. Сөйлеу тілінің лексикалық жағының ерекшеліктері салдарынан фразалық сөйлеуін меңгере алмайды, олардың сөйлеу тіл өзара байланысы жоқ сөздерден тұрады.



**IV**

# ***Естуі бұзылған балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері***

- Нашар еститін балалардың есту функциясының жағдайына байланысты емес сөйлеу тілі бұзылыстары, логопедиядағы дәстүрлі әдістер арқылы түзетіледі.
- Сөз қорын дамыту мен молайту және сөйлеу тілінің грамматикалық жағын қалыптастыру жүйесі А. Г. Зикеев, К. Г. Коровин, т.б. жұмыстарында қарастырылады. Ондай балаларға жаңа сөздерді таныстырғанда оны толық, дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін сөзді нақты, дауыстап анық айту қажет және баланың зейінін сөз жазылған карточка мен айтушының артикуляциясына бөлу керек.
- Нашар еститін балалардың ұқсас дыбыстарды естіп ажыратуы айтарлықтай қиындық тудырады. Сондықтан жұмыс барысында дыбыстың артикуляциясын көруге, артикуляциялық мүшелердің қалпын сезінуге ерекше көңіл бөлінеді. Дыбыс туралы көру-кинестетикалық түсінігін қалыптастыру жазудағы әріптерді ауыстыру, шатастыру сияқты қателердің алдын алуға негіз болады.